

Аудан

№ 98(506)

жұма

19 желтоқсан 2014 жыл



2010 жылдың
1 қаңтарынан
бастап шығады

ТЫНЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

ЖЕРЛЕСТЕРІ БИБІГҮЛ ТӨЛЕГЕНОВАҒА АВТОКӨЛІК КІЛТІН СЫЙҒА ТАРТТЫ



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен тұспа-тұс келген Бибігүл Төлегенованың туған күніне орай, ШҚО әкімі әншіге автокөлік кілтін табыстады, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералық партиясының әншісі Бибігүл Төлегенова биыл 85 жасқа толып отыр. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне дәл келген туған күні қарсаңында Халық әртісі Шығыс Қазақстанға келді. Аймақ басшысы туған күн иесін шығысқазақстандықтардың атынан құттықтады.

Қазақ әншісі (лирикалық-колоратуралық сопрано), КСРО халық әртісі (1967), Социалистік Еңбек ері (1991), «Отан» орденінің кавалері Бибігүл Төлегенова 1929 жылы 16 желтоқсанда Семей өңірінде дүниеге келген. Өн айтуды көркем-өнерпаздар үйірмесінен бастаған. Б.Төлегенованың әншілік талантын танып, оның өнер жолына түсуіне бағыт сілтеген әрі алғаш дәріс берген Б.Төлегенованың жазушысы Г.И.Серебрякова (сол кезде Семейде тұрған). Кеңес жазушысының қолдауымен өнер жолына түскен Б.Төлегенова еңбек жолын 1946 жылы Семейдің ет комбинатында қарапайым жұмысшылықтан бастаған.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік жиында жезтаңдай әншіні шығысқазақстандықтардың атынан құттықтаған Даниал Ахметов Бибігүл Төлегеноваға автокөлік кілтін табыстады.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ӨСКЕМЕНДЕГІ «АЗАМАТ» БАЛАБАҚШАСЫ 120 ОРЫНҒА ТОЛЫҚТЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесінде Өскемен қаласындағы «Азамат» балабақшасына қосымша 120 балаға арналған 4 топ қосылды, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

385 орындық «Азамат» балабақшасы 2011 жылы ашылған болатын. Араға екі жыл салып қаладағы басты көшенің бойына балабақшаның 270 орындық 2 корпусы пайдалануға берілді. Биыл балабақша иесі өскемендіктерді тағы қуанып отыр. ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай «Азамат» балабақшасының 2 корпусына қосымша 120 балаға арналған 4 топ қосылды. Кәсіпкер балабақшаны үлкейту үшін іргелес ғимаратты 85 млн. теңгеге сатып алған.

Балабақшадағы топтардың ашылу салтанатына қатысқан қала әкімі Темірбек Қасымжанов өскемендіктерді ҚР Тәуелсіздігі мерекесімен құттықтады. «Қаламызда мектепке дейінгі 21 мың бүлдіршін бар. Балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту мақсатында барлық жағдай жасалуда. «Балапан» бағдарламасы арқасында бүгінгі күні Өскемен қаласында 3-6 жас аралығындағы балаларға арналған балабақша мәселесі толығымен шешімін тапты. Балабақшадағы баланың күлкисін естігеніміз - бақыт сыйлай білгеніміз. Елбасымыздың ұлы істерді жалғайтын ұрпағымыз аман болсын. Баршаларыңызды ұлықты мейрамдарыңызбен құттықтаймын», - деді қала әкімі Темірбек Қасымжанов

БАҚ беттерінен

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АУДАН ХАЛҚЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауын халыққа түсіндіру мақсатында Парламент мәжілісінің депутаты Николай Алексеевич Кузьмин ағымдығы жылдың 12 желтоқсанында Бородулиха ауданының жұртшылығымен жүздесті. Ол ең бірінші аудандық аурухана дәрігерлермен кездесіп, Елбасының Жолдауынан туындайтын басым бағыттарды айтып, бірқатар мәселелерді қозғап өтті. Осыдан кейін аудандық мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесіп, Елбасымыздың Жолдауы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға болып табылатынын, Қазақстан халқын «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» аясына жинаған Елбасы кемел келешектің, жарқын болашақтың негізін бүгіннен қалауға шақыратынын, жаңа Жолдау Қазақстанның тәуелсіздігін мәңгілік ету жолында бағдары айқын, мақсаты биік, мүддесі жоғары бағдарламалық құжат екенін, айқын болашақ жолында бірлесе қызмет етуге шақыратынын айтып өтті. Өз сөзінде ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Н.Кузьмин «Біз Жолдауды Ұлт көшбасшысының әлемдік дағдарысты еңсерудегі ерекше көзқарасы деп білуіміз керек. Оның үстіне келесі жылы біз



Қазақ хандығының 550 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», - деп атап өтті. Мұнан соң, ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Құрманбаев сөз алып, Жолдауда ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға берілген басым бағыттар жөнінде әңгіме өрбітті. Жиын соңында аудан жастары Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға өз үлестерін барынша қосатынын жеткізді.

Халықпен кездесу аяқталғаннан кейін мәжілісінің депутаты Н.Кузьмин аудандық «Нұр Отан» партиясының ғимаратында азаматтарды қабылдау өткізіп, жеке сұрақтарымен келген жастармен жүзбе-жүз әңгімелесті. Олардың сұрақтарына жауап берді.

Т.ҚАЛИБАЕВ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ БАҚЫТЫ!

Тәуелсіздік қазақ халқының, Қазақстан халқының басына біткен бақ. Бұл – еш уақытта маңызы жоғалмайтын, ғасырлардан ғасырларға ұласатын үлкен құндылық. Әрбір Қазақстан азаматы соның қадір-қасиетін білуі керек. Қазақ халқының ұзақ тарихи кеңістікте өмір сүруі, этнос ретінде, ұлт ретінде сақталуы тәуелсіздікке тікелей байланысты және ол ұлтымыздың келешегін қамтамасыз ететін құбылыс. Бұл сөз жок, ұлы ақиқат. Егер де республика Кеңес Одағының қатарында тұра берген немесе басқаша бір тарихи баламалы үрдістер болған жағдайда қазақ халқы этнос ретінде тілін, мәдениетін, ұлттық келбетін, ділін, дәстүрін сақтауы мүмкін емес еді. Ол алдағы жақын келешекте қазақты тарих аренасынан кетіруі күмәнсіз болатын. Тәуелсіздік біздің өмір сүруімізге жағдай туғызып, тарихи мүмкіндік берді. Демек, қазақ халқы қытай халқымен бірге, орыс халқымен бірге, американдық ұлтымен бірге ұзақ тарихи кеңістікте жарыса өмір сүру мүмкіндігіне



ие болды. Біз енді өзге халықтармен бәсекеге түсуге мүмкіндік алдық. Бұл – тәуелсіздіктің ерекше мәні. Біз қазір басқа ұлттармен тереземіз тең болып отырған жайымыз бар. Американдық, түрік, ағылшын, француз, неміс өзін қалай сезінсе, біз де өзімізді солай сезіне аламыз. Мысалы, әлемдегі күрд, ұйғыр сияқты халықтардың саны бізден басым болғанымен мемлекеті жок. Жалпы дүниежүзінде 2 мыңға жуық ұлыстар мен ұлттар бар. Олардың 200-ден астамында ғана мемлекет бар. Сондықтан әлемдегі тандаулы халықтардың қатарына қосылғанымыз үшін Алла тағалаға шүкіршілік жасап, мында бір алғыс айтуымыз керек.

(жалғасы 2-ші бетте)

3-БЕТ

ЖАҢА
ЖЫЛДЫ КІМ
ҚАЛАЙ ҚАРСЫ
АЛАДЫ?

4-БЕТ

ӘДІЛЕТ
ХАБАРШЫСЫ

5-БЕТ

АУЫЛДАН
ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ
КӨҢІЛ-КҮЙ
БАЙҚАЛАДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК АРАЙЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ БАҚЫТЫ!

(Басы 1-ші бетте)

Биыл еліміз өз Тәуелсіздігінің 23 жылдығын бекрекемен, бірлікпен қарсы алып отыр. Осыған орай республикамыздың барлық өңірінде, әр облыс, әрбір қала, әр аудан, әр ауылда Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар атқарылып, қоғамда бұл күннің маңызын әйгілеу бағытында жұмыстар атқарылды. Сондай шаралар Бородулиха ауданында да өріс алған еді. Солардың ең бастысы, ең маңыздысы – 15 желтоқсанда аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты жиын.

Аудандық деңгейде өткізілген бұл іс-шараға аудан басшылығынан бастап барлық мекеме, ұйым, кәсіпорын, шаруашылық ұжымдары, ауылдық округтердің өкілдері, қоғамдық ұйымдар мүшелері, мектептердің ұжымдары, зиялы қауым, БАҚ өкілдері және қарапайым жұртшылық қатысты.

Мемлекеттік маңызы бар мерекелік шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Одан кейін аудан әкімі Григорий Иосифович Ақулов сөз сөйлеп, ауылдастарды, бүкіл бородулихалық жұртшылықты ел өміріндегі елеулі мерекемен құттықтап, әрбір шаңыраққа береке, ырыс пен құт, әрбір азаматқа мықты денсаулық пен мол табыс тіледі.

«Қазақстан тәуелсіздік жылдарында мемлекет құрудың, ұлт бірлігін нығайтудың, нарықтық экономика құрудың жемісті жылдарын басынан өткерді. Бізде ұлттық төл мерекелер пайда болды. Біз оларды ел болып ауқымды түрде тойлап келеміз.

Осыдан 23 жыл бұрын, 1991 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. Сол кезден бастап біздің еліміз демократиялық және құқықтық мемлекет мәртебесін алды.

Тарихи тұрғыдан алғанда 23 жыл деген – қас қағым сәт. Алайда қайта жаңарудың қажырлы жолынан өткен біздің ел үшін бұл уақыт ғасырға пара-пар. Мемлекет басшысы еліміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылыққа одан әрі нығайта отырып, халықтың жоғары сеніміне ие болып, Қазақстанды экономикалық және саяси жаңғырудың ауыр жылдарынан абыроймен алып өтті», - дей келіп Григорий Иосифович: «Бүгінгі күні Қазақстан өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналды. Біздің еліміз өңірлік және әлемдік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады», - деп, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін жоғары бағалап өтті.

Аудан әкімінің құттықтауынан кейін ауданның әлеуметтік-қоғамдық, саяси өміріне белсене араласып, өз қызметінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп жүрген бірқатар адамдарға алғыс хаттар табысталды. Аудан басшысының қолынан алғыс хат алған жиыны 30 адамның ішінде әр түрлі саланың өкілдері болды. Мемлекеттік істің тасын өрге домалатып жүрген мемлекеттік қызметшілер бастаған марапатталушылар легін шаруа қожалықтарының басшылары, дәрігерлер, педагогтар, қоғамдық ұйым өкілдері, механизаторлар және қатардағы қарапайым жұмысшылар жалғады. Әсіресе, еңбектің кара қазанын қайнатып жүрген қарапайым жұмысшылар сахнаға көтерілгенде қол соқпаған жан қалмады. Олар: «Дайснер» шаруа қожалығының механизаторы А.Нусе, аудандық коммуналдық шаруашылық кәсіпорнының слесарі С.Құрманбаев, «Лазарев и Ко» ЖШС механизаторы А.Донов, Орловка кен орнының токары А.Шклярчук, аудан әкімі аппаратының қарапайым жұмысшысы К.Рахимов, аудан әкімінің хатшысы Ф.Саякина. Бұл адамдармен қатар білім, өнер, спорт және денсаулық сақтау саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан адамдардың да аттары аталды. Атап айтсақ, Камышенка фельдшерлік-акушерлік бекетінің мейірбикесі Г.Жолдобалинова, Комаров орта мектебінің тарих мұғалімі И.Бузина, Жезкент кенттік ауруханасының терапевті М.Кенжина, БЖСМ-нің дзюдо бойынша бапкері А.Сүлейменов, Камышенка орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Н.Валеева, Комаров орта мектебінің денешынықтыру мұғалімі О.Ершова, Комаров орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі М.Азғанхан, Шығармашылық үйдің директоры Л.Оразғалиева, шығармашылық үйдің хореографы Р.Хабулинова, «Айналайын» фестивалінің жеңімпазы Ж.Ғазизов, аудандық орталық аурухананың хирургі С.Беззубенко сияқты жандар құрметке ие болды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер де, бірқатар шаруа қожалықтарының басшылары да, қоғамдық ұйымдардың басшылары да сахнаға көтеріліп, ел алдында марапат алды.

Біздің ауданымызда кәсіпкерлікті ынталандыру мақсатында алты жыл қатарынан «Үздік кәсіпкер» байқауы өткізіліп келеді. Бұл аудандық көлемде дәстүрге айналған айналған ізгі іс-шара боп отыр. Тәуелсіздік күніне арналған осы салтанатты жиында аталған байқаудың биылғы жылғы жеңімпаздары аталып, оларға да аудан әкімі өз қолымен марапаттар тапсырды. Сонымен, «Әлеуметтік жауапкершілігі бар үздік кәсіппорын» аталымы бойынша «Раушан» шаруа қожалығының басшысы Т.Оразбаев жеңімпаз атанды. «Үздік кәсіпкер-фермер» аталымы «Е.Зәйітенов» шаруа қожалығының басшысы Е.Зәйітеновқа бұйырды. «Үздік әйел кәсіпкер» аталымы бойынша «Базис Вита» ЖШС директоры Ш.Бихожжаева марапатталды. «Жылдың үздік кәсіпкері» аталымын Ю.Лазоренко жеңіп алды.

Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараның салтанатты бөлімі

аякталған соң, аудандық мәдениет үйі, шығармашылық үйі, қазақ және орыс мектептері ұжымдары бірлесіп әзірлеген мерекелік концерт өтті.

Біздің ата-бабамыз тәуелсіздік үшін сан ғасырлар бойы күрес жүргізіп келді. Өткен ғасырдың ішінде ғана тәуелсіздік үшін 423 көтеріліс болыпты. Оның ең соңғысы – Алматы қаласында басталып, бүкіл Қазақстанды қамти жаздаған тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Бұл көтерілістер ұлттық құндылықтарымызды қорғау үшін жасалды. Осының бәрі шын мәнінде қазақты саяси жағынан, психологиялық жағынан тәуелсіз мемлекет болуға дайын етті. Сондықтан тәуелсіздікті бүкіл халық жақтап, саяси элита көтеріп әкетті.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің әртүрлі себептері болғаны баршаға мәлім. Біріншіден, Кеңес үкіметі сол кезде жариялылық пен демократияландыру саясатын жүргізе бастады. М.Горбачев бүкіл халықтың шын мәніндегі саяси санасын ашты. Кеңес Одағының құлауына М.Горбачевтің үлкен әсері бар. Халықтың саяси мәдениеті көтеріліп, тарихты қайтадан қарады. Жариялылық пен қайта құру кезеңінде халықтың қырылғаны, аштыққа ұшырағандығы, оған қарсы геноцид саясаты жүргізілгендігін әрбір қазақ ұғына бастады. Қазақстанның астанасы - Алматыда сол кезде тұрғындардың 80 пайыздан астамы басқа ұлт өкілдері болды. Бұл қазақтың наразылығын тудырды. 80-ші жылдардың басында Кеңес Одағының ұлттық республикалардың басшыларын орыстан қоямыз, оларды бір-біріне жақындастырамыз деген саясатының нығаяуы халық қарсылығын тудырды. Дінмұхмет Қонаев ұлттық интеллигенцияны, ұлттық мүдделерді қорғаудың Кеңес одағы жағдайындағы моделін жасады. Ол кезде ұлт саясатында екі ағым болды. Біріншісі - ұлттардың гүлденуі, екіншісі - олардың өзара жақындасуы. Қонаевтың жақтастары гүлдену жағына көп көңіл бөлді. Сол кезде мәдениет пен өнер қарыштап дамып, мерзімді басылымдардың таралымы көбейді. Бұл ұлттың санасын көтерді. Илияс Есенберлиннің "Көшпенділер"-і, Олжас Сүлейменовтің "Азия"-сы шықты. Орталық комитет пленумында Д.Қонаевты орнынан алып тастау жастардың қарсылығын тудырды. Ол көтеріліске себеп қана болды. Орталықтың шеттен адам әкелуі қазақтың намысына тиді. Оны ұлттық намысты қорлау ретінде қабылдады. Желтоқсан көтерілісі кезінде бұған өз наразылығын білдіру үшін алаңға алғашқы күні – 400, екінші күні – 15 мың, үшінші күні 45 мың адам жиналды. Олардың 55 пайызы – жұмыссыз жастар, 40 пайызы – студентер, 5 пайыздығы жоғары мектеп оқушылары мен зиялы қауым өкілдері болды.

Сол кезде біздің ұлттың зиялы қауымы да бұғып қалған жоқ. Басым көпшілігі жастар жағында болды. Бірақ тікелей көшеге шығып жастармен бірге олар көтеріліске қатыса алмады. Бұған бірнеше себеп болды. Біріншіден, біздің зиялы қауым тоталитарлық жүйе кезінде соққы жеп, әбден қорқып қалған. Өйткені кеңестік репрессия негізінен қазақтың зиялы қауым өкілдеріне бағытталды. Сондықтан олар ең алдымен зиялы қауымды жаныштады. Жұмыстан шығарды, соттады. Екіншіден, сол кезде зиялы қауым өкілдерінің басым бөлігі коммунистер болды. Осы арада мына жәйтке назар аударма кеткім келіп отыр. 1930 жылға дейін жоғары оқу орындары мен техникум бітірген 75 мың қазақ интеллигенциясы болған. Оның 74 мыңы қуғын-сүргінге ұшырап, 70 мыңы атылды. Сол себепті олардың бойына сіңіп қалған үрей мен қорқыныш сақталып қалды. Зиялы қауым өкілдерінің әлі күнге дейін биліктен, саясаттан қорқатыны осыдан.

Қазіргі таңда елімізде болған ұлт-азаттық көтерілістеріне өз деңгейінде баға берілді. Мәселен, Желтоқсанға оқиға емес көтеріліс деген баға берілді. Бұны билік мойындамаса да, зиялы қауым қазір Желтоқсанды көтеріліс дейді. Өйткені оған қатысқан бейбіт халыққа қарсы қару қолданылды. Бірталай адам көз жұмып, ресми түрде 1200 адам сотталды. Желтоқсан көтерілісінің әлемдік тарихқа ықпалы болмағанымен, Кеңес Одағының ыдырауына үлкен әсер етті. Кеңес Одағының күйреуі арқылы әлемдік тәртіптердің өзгеруіне түрткі болды. Сондықтан оған ұлттық қозғалыстардың жандануына ықпал еткен көтеріліс деген баға берілді.

Бүгінгі таңда қай ауылға барсаң да, қай адаммен сөйлессең де, тәуелсіздік басқа халықтармен тереземізді тең еткенін айтады. Біз басқалармен құқық жағынан, әлемдік мәртебе жағынан теңестік. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі ретінде теңестік. Оның бәрін қарапайым халық сезінеді. Бірақ, әрине, кемшіліктер де жеткілікті. Бұл ең алдымен тәуелсіздіктің экономикалық жетістіктерінің халыққа қызмет ете алмауы. Шикізат көздері әлі күнге шетелдік компанияларға жалға беріліп, оның Қазақстан халқына қызмет етуі кемшін жатыр. Сондай-ақ қазақ тілінің ақпараттық кеңістікте, ғылыми кеңістікте, саяси кеңістіктегі өз орнын ала алмауы да үлкен бір мәселеге айналууда.

Дегенмен, тәуелсіз еліміздің туы күннен-күнге биіктеп, халықаралық аренадағы беделінің күн санап артып келе жатқаны көңілімізге қуаныш ұялатып, қиялымызға қанат қақтырады. Халық бүгінгіміз баянды, ертеңіміз жарқын боларына кәміл сенеді. Тек қолға қонған бақыт құсын үркітіп алмай, жұмыла кірісіп, кеңесіп шеше білсек, болашақтың таңы жарқын болары сөзсіз! Ендеше,



бүгінгі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда Тәуелсіздігімізге тәу етіп, желтоқсан құрбандарының ерлік істерін жадымызда ұстап, ата-бабамыз көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағына аманат етіп қалдырған кең байтақ қасиетті мекенді қорғап, ұлттық құндылықтарымызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, аялап, қастерлей білу – біздің басты перзенттік парызымыз екенін ұмытпайық. Еліміз өркендеп, Орта Азия Барысына айналар күн де алыс емес екеніне сенейік, ағайын!

А.ТЛЕУҒАЗИН



ҚОҒАМ КЕЛЫЕТІ

ЖАҢА ЖЫЛДЫ КІМ
ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАДЫ?

Әлем халқы Жаңа жылды салтанатты жағдайда мерекелеп, оған айрықша мән берген. Олардың жылды қарсы алу дәстүрі де бір-біріне ұқсамайды. Мәселен, Болгарияда Жаңа жылдың алғашқы сәтінде жарықтар сөндіріледі, себебі, жылдың алғашқы минуты сүйісу уақыты болып саналады. Ал Жапонияда Жаңа жылды қарсы алу сәтінде қоңырау 108 рет соғылады.

Жаңа жылды Панамада қарсы алған жанның тосыннан қорқып қалуы әбден мүмкін. Өйткені, мұнда мереке өрт сөндіргіш мұнарадағы зор қоңыраудың құлақ тұндырарлық аңы даусымен басталады.

Жаңа жыл Үндістанның әр ауданында, әр уақытта (қыркүйек пен



наурызға дейін) тойланады. Үй иесі әйелдің міндеті – үйін өз қолымен жасалған түрлі әдемі заттармен безендіру. Жаңа жыл мерекесінде көлемі үлкен, түрлі түске боялған баттырауық ұшырылып, садақпен атылады. Ең мергені садаққа жанып тұрған от салып атады, баттырауық тұтанған кезде той басталады. Тойда би биленіп, өлең айтылады, әр түрлі спорттық ойындар көрсетіледі.

Венгрияда Жаңа жыл Рождество мерекесімен тұспа-тұс келеді. Венгрлер – өте ырымшыл халық. Мысалы, үйге бірінші болып әйел кірсе, бақытсыздық әкеледі деп сенеді. Сондықтан олар қонаққа ұл баланы бірінші жібереді. Жаңа жылға бір секунд қалғанда ысқыру керек. Яғни, осы арқылы жын-шайтандарды қуады.

Италияда Жаңа жыл мейрамы 6 қаңтар күні басталады. Олардың сенімі бойынша бұл түні сытырғыш мінген мейірбан пері Бефана ұшып келеді. Ол өзінің кішкентай алтын кілттерімен есіктерді ашып, балалар бөлмесіндегі әдейі ілінген шұлықтарды сыйлықпен толтыратын болған. Ал нашар оқитын балаларға күлдің шөкімін не ұсақ көмір тастап кетеді екен.

Шотландияда Жаңа жыл мерекесін «Хогмани» деп атайды. Олар келесі жылдың сәтті-сәтсіз боларын мереке күні үйлеріне алғаш енген адамға қарап болжаған. Халықтың ұғымы бойынша үйге сыйлық алып келген қара шапты еркек үлкен сәттілік әкеледі. Бұл дәстүр «ферст футинг» деп аталады.

Колумбиядағы жаңажылдық карнавалдың басты кейіпкері – Ескі жыл. Ол топтың ішінде биік ағаш аяқпен қыдырып жүреді және балаларға қызықты оқиғалар айтып береді. Елде Аяз атаны Папа Паскуале деп атайды.

Вьетнамда ең көңілді мереке «Тет» деп аталады. Олардың күнтізбесі бойынша Жаңа жыл 21 қаңтар мен 19 ақпан аралығында атап өтіледі. Нақты мереке күні жыл сайын өзгереді. Вьетнамдықтар әр үйде бір құдай тұрады деп сенеді. Жаңа жылда ол аспанға ұшып, жақсы адамдардың тілегін орындайды. Мұнда шабдалы бұтақтары Жаңа жыл символы саналады, ол әр үйде болуы тиіс, адамдар бір-біріне шабдалы ағашының бүршік жарған бұтақтарын сыйға тартады. Балалар болса қолдан жасалған шартыдақтарымен атысу үшін түннің дәл ортасын тағатсыздана күтеді. Француз Аяз атасы Пер Ноэль Жаңа жыл түнінде балалардың аяқ киімдеріне түрлі сыйлықтар қалдырады. Кімге боб түріндегі жаңажылдық пісірілген бәліш тисе, «Боб королі» титулын иеленеді және Жаңа жыл түні оның бұйрықтарына барлығы бағынады. Бұл күні шыршаның түбіне ағаш не саздан жасалған түрлі ойыншықтар қойылады.

Финляндияда Жаңа жыл 25 желтоқсанда тойланады. Бұл күні Аяз ата Лапландиядан ұзақ жол жүріп келіп, үй алдына үлкен кәрзеңкеге салынған сыйлық қалдырады. Сондай-ақ, бұл түні финдіктер өз тағдырларын білу үшін бал ашады. Балауызды балқытып, суға құяды да одан болашақтары жайлы мәлімет алуға тырысады.

Германия немістері Санта Клаусты есекпен келеді деп ойлайды. Бұл елде балалар ұйықтар алдында оның сыйлығына арнап тәрелке қояды да, өз кебістеріне есекке арнап шөп салады.

Кубада Жаңа жыл «Патишалар мерекесі» деп аталады. Яғни, мерекеді ұйымдастыратын шаралардың барлығы балаларға арналады. Бұл күні балдырғандар сиқыршы патишалар Бальтасар мен Гаспар және Мельчордан сыйлық күтеді. Олар алдын ала өздерінің армандары туралы хат жазады. Ал сиқыршы патишалар осы тілектерді орындайды деп сенеді. Сондай-ақ, бұл күні кубалықтар болашақ жарқын болсын деген ниетпен үйлеріндегі барлық ыдысты суға толтырады. Саят 12-ні соққанда 12 жүзім жейді. Эфиопиялықтар Жаңа жылды қыркүйектің 10-11-де қарсы алады. Олар Жаңа жылда кілең ақ киім киіп, ерте тұрып, шіркеуге барады. Ондағы салтанат үш сағатқа созылады. Бұдан кейін самырсын ағашының көлеңкесінде мол дастарқан жасап, бала-шағаларымен түгел жиналады. Балалар Жаңа жылға арнап салған суреттерін ата-аналарына сыйға тартады және үй ортасына жіп керіп, соған іліп қояды.

Бирмада Жаңа жыл 12-17 сәуір аралығында тойланады. Мерекенің тойланатын күнін Мәдениет министрлігі белгілейді, ол үш күнге созылады. Елде аптап ыстық болғандықтан, халық бір-бірін су шашу арқылы құттықтайды.

Дайындаған: “Аудан тынысы” ұжымы

БОРОДУЛИХА АУДАНЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРҒА ҚОСЫМША
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтар № 148 6 бап 2-3 тармағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес және «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін бекіту ережесі» туралы Бородулиха ауданында ағымдағы жылдың 27 наурызында шешім қабылданды.

Өмірде қиын жағдайға душар жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға жергілікті атқарушы органмен ұсынылатын заттай және ақшалай формадағы көмек әлеуметтік көмек арқылы анықталады, сондай-ақ мереке күндерге және естелік күнтізбеге. Әлеуметтік көмек жылына бір рет ұсынылады.

Ауданда әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесі бекітілді:

- 1) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) қадағалаусыз қалған, оның ішінде девианттық мінез-құлықты кәмелетке толмағандар;
- 3) туғаннан үш жасқа дейінгі бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктері шектелген балалар;
- 4) дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар адамдар;
- 5) әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар адамдар;
- 6) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдар;
- 7) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездікке ұшыраған адамдар;
- 8) баспанасыздар (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- 9) бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдар;
- 10) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- 11) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян алған адамдар;
- 12) белгіленген шектен аспайтын өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы бар адамдар (отбасылар).

Жан басына шаққандағы орташа табыстың шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселік мөлшерінде белгіленген.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды қосымшасымен ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына» 1 қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың

түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін әр түрлі жеке жағдайда арнаулы комиссия анықтайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы тұжырымда көрсетеді.

Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынандай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) әлеуметтік көмек көрсету шегінде бекітілген адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын арттырылған жағдайда.

Атаулы күндер және мереке күндерге бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

- 1) Ауганыстан аумағынан әскерлерді шығару күні, басқа мемлекет аумағында жауынгерлік әрекетке қатысушылар-15 ақпан-әскериинтернационалдарды еске алу күні;
- 2) 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні;
- көп балалы аналарға, «Ана даңқы» орденімен «Алтын алқа» белгісімен марапатталғандарға, І және II деңгейдегі немесе «Ардақты ана» атағын кешірек алғандарға;
- «Күміс алқа» белгісімен марапатталғандарға, көп балалы аналарға;
- 4 және одан көбірек кәмелеттік жасқа толмаған балалармен бірге тұратындарға, көп балалы отбасыларға.

3) 1986-1987 жылдардағы Чернобылдық АЭС апатында зардаптарды жоюға қатысқан тұлғаларға, 26 сәуір-радиациялық құрбандарын еске алу халықаралық күні, басқа радиациялық апаттар, әскери немесе азаматтық объектілерде тағайындалған апаттар, сонымен қатар ядролық сынақтарға тікелей қатысқандарға.

- 4) 9 мамыр-Жеңіс Күні;
- Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге

- бұрынғы ССР Одағын қорғау кезінде жарақат, контузия алған, жарақат салдарынан мүгедек болып қалған әскериқызметшілерге, басқа кезеңдерде әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде немесе ауру салдарынан, майдан шебінде болуына байланысты, сонымен қатар Ауганыстан аумағында әскери қызмет өту кезінде немесе әскери әрекеттер болған басқа мемлекеттерде;

- Ұлы Отан соғыс жылдарында қайтыс болған жауынгерлердің жесір әйелдеріне(қайтыс болғандар, іс-түссіз жоғалғандар), қайтадан некеге тұрмағандарға;
- соғыста қайтыс болған мүгедектер әйелдеріне;
- Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистермен және олардың одақтастарымен құрылған, гетто және басқа мәжбүрлеп ұстау орыны, бұрынғы концлагерь тұтқынындағы кәмелеттік жасөспірімдерге;
- Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы мінсіз әскери қызмет және бұрынғы ССР Одағы үшін ерлік еңбек медалімен және орденімен марапатталған тұлғаларға;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылы 21 шілдеден 1945 жылы 9 мамырға дейін кем дегенде 6 ай (қызмет өтегендер) қызмет атқарған тұлғаларға;
- Ұлы Отан соғыс жылдарында мүгедектікке теңестірілген, кепілдік және жеңілдік бойынша тұлғаларға;

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ЖАС БОКСШЫЛАРДЫҢ КЕЗЕКТІ
ЖЕҢІСІ

Ұлан ауданы Қ.Қайсенов ауылында 11 - 14 желтоқсан аралығында бокстан 2001 - 2002 жылы туылған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған облыстық турнир өтті. Бұл жарысқа облысымыздың барлық аудандары мен қалаларының, Қарағанды облысының жас боксшылары қатысты. Бородулиха ауданының атынан БЖСМ жаттықтырушысы Сулейменов Ерболаттың шәкірттері барып қайтты.

Солардың арасында Қайратов Манат 32 келі салмақ дәрежесінде, Байжанов Нұржан 44 келі салмақ дәрежесінде турнирдің жеңімпаздары атанды.

Ал Востриков Артем 63 келі салмақ дәрежесінде ақтық кездесуде Өскемендік қарсыласына есе жіберіп, күмістен алқа тақты.

Ауданымыздың жас боксшыларына құтты болсын айта отырып, олардың алдағы жарыстарда жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектеспіз.

Ә.БОЗАЕВ, БЖСМ ОІМ

ӘДІЛЕТ ХАБАРШЫСЫ

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған, құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғам.

Н.НАЗАРБАЕВ, ҚР ПРЕЗИДЕНТІ

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
Кодексінің жаңа ережелері

2014 жылдың 5 шілде күні мемлекет Басшысы жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне қол қойды. Жаңа Кодексті қабылдау ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Жолдауын жүзеге асыру болып табылады.

Кодекстің басты міндеттері ізгілендіру, яғни кіші кәсіпкерлерге көмек ретінде салынатын айыппұлдардың көлемін 50%-ға төмендету, қамаудың ең жоғары мерзімін 30 тәулікке дейін қысқарту, алкоголь мен нашакорлықпен ауыратындарға қолданылатын мәжбүрлеу шарасын алынып тастау түрінде көрінеді.

Жемқорлыққа жол бермеу және қысқартылған өндірісті қамтамасыз ету мақсатында жаңа кодексте экологиялық, салық, экономикалық және электр энегетикасы заңнамасын бұзған үшін көзделетін айыппұлдың пайызбен есептелетін белгіленген мөлшері бекітілген.

Сонымен қатар, мемлекет Басшысымен азаматтардың еңбектік құқықтарын қорғауға назар аудару қажеттілігін бірталай рет айтылған. Осы мақсатта жаңа кодекске әкімшілік құқық бұзушылықтардың жаңа түрлері енгізілген. Дәлірек айтқанда, қызметкерді 2 жыл ішінде еңбектік демалысқа жібермеу және өзге де түрдегі кемсітуге жол берген үшін, еңбек ақысын толық мөлшерде төлемеген үшін, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етпеу. Қазіргі кодекс уәкілетті органдарға еңбек заңнамасын бұзған үшін әкімшілік жауапкершілікті қолдануда едәуір кең шеңберін берсе, жаңа кодекс белгілі бір әкімшілік құқық бұзушылықты нақты анықтаған, яғни жұмысқа еңбек шартын жасамай тарту, еңбек ақысын төлеудегі бұзушылықтар, еңбек демалысын бермеу, күніне жұмыс істеу уақытын арттыру, жұмыста кемсітуге жол беру.

Маңызды жаңалықтардың бірі азаматтық және қылмыстық іс жүргізу кодекстері сияқты жаңа кодексте де жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша заң күшіне енген әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыларды қайта қарастыру институты енгізілген. Бұл жеке және заңды тұлғалардың неғұрлым толықтай құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіншілік береді.

Қайта қарастырудың негіздері: құқық бұзушыға, жәбірленушіге белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін емес, іс үшін маңызды мән-жайлар, соттың заңды күшіне енген үкімімен анықталған, заңсыз не негізсіз қаулы шығаруға әкеп соққан куәнің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс емес аударма, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы, соттың заңды күшіне енген үкімімен анықталған, осы істі қарау кезінде жасалған, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылардың, іске қатысатын басқа да тұлғалардың не олардың өкілдерінің қылмыстық әрекеттері немесе судьялардың, уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қылмыстық іс-әрекеттері, осы қаулыны шығаруға негіз болған соттың шешімін, үкімін, ұйғарымын немесе қаулысын не өзге де мемлекеттік органның (лауазымды адамның) құқықтық актісінің күшін жою, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің осы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істе қолданылған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануы негіздер болып табылады. Қостанай облысы прокуратурасының баспасөз қызметі.

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ТҮСІНІГІ

Азаматтық процесс — бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі, әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының міндетті субъектілері: бір тараптан — сот, екінші тараптан процеске қатысушылар болып есептеледі. Сонымен бірге азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуы, өзгертілуі, тоқтатылуы іске қатысушы тұлғаның ерік білдіруіне байланысты.

Құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін осы қатынастарға қатысушылардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін айқындайтын құқық субъектілігі болуы керек.

Азаматтық іс жүргізудің құқық қабілеттілігі — бұл іс жүргізу құқықтары мен іс жүргізу міндеттеріне ие болу қабілеттілігі. Ол азаматтар мен ұйымдардың бәрі үшін бір деңгейде танылады және азаматтардың туылған сәтінен басталып, қайтыс болған сәтінде бітеді. Ұйымдар да тіркелген сәтінен басталып, таралған сәтінде тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізудің әрекет қабілеттілігі — бұл өз әрекеттері арқылы өз құқықтарын жүзеге асыру және сотта міндеттерін орындау, істі жүргізуді өкіліне тапсыру, жауапкершілікті дербес алып жүру қабілеті.

Іс жүргізу әрекетқабілеттілігіне толық көлемде 18 жасқа толған азаматтар, сондай-ақ егер неке жасы белгіленген тәртіпте төмендетілсе, 18 жасқа толмай неке құрған адамдар ие болады. Сотта 14 және 18 жас аралығындағы кемелеттік жасқа толмағандардың, сондай-ақ әрекетқабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері олардың заңды өкілдері, яғни ата-аналары, асырап алушылары немесе қорғаушылары арқылы қорғалады.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынаста қатысушылар және олардың құқықтары мен міндеттері

Субъектілер, яғни азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдар үш топқа бөлінеді.

Сот төрелігін жүзеге асыратын адамдар.

Сот процесінің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Сотқа азаматтық процестің анық сатыларында басшылық рөл берілген. Іске қатысушы тұлғалар судьяға қарсылық білдірулері мүмкін, мұндай жағдайда судья ауыстырылып, істі басқа судья қарайды.

Сот отырысының хатшысы азаматтық істерді қарау барысында сот отырысының хаттамасын жасайды және сот отырысына төрағалық етушінің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сот отырысының хатшысы сотқа іс бойынша шақырылған адамдардың қайсысының келгенін, келмей қалған адамдарға хабарланғандығы туралы және олардың келмей қалуының қандай себептері бар екендігін хабарлайды. Сот приста-вы — төмендегідей міндеттерді атқаратын адам: сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды, сотқа іс жүргізу әрекеттерін орындауды жәрдемдеседі, сот ғимаратын, судьяларды және процестің басқа қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етеді, соттың және басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындالاتын сот орындаушыларына көмек көрсетеді. Сот орындаушысы — бұл мемлекеттік қызметтегі және заңмен жүктелген соттың және басқа органдардың актілерін орындау жөніндегі міндеттерді атқаратын лауазымды тұлға.

Іске қатысушы адамдар

- тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мілімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар.

Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Іске қатысушы барлық адамдар екі шағын топқа бөлінеді:

1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар. Оларға; үшінші тұлғалар, яғни, ерекше өндіріс істері бойынша өтініш берушілер мен мүдделі тұлғалар кіреді,

2) мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді не жеке адамдар мүдделері мен құқықтарын қорғайтын адамдар. Олар прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар.

Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар:

Бұл топқа куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлкіті сақтаушылар және басқалары кіреді. Мұндай адамдарда азаматтық іске заңды мүдделілік болмайды. Олардың азаматтық процестегі рөлі қосалқы-қызметтік болып табылады, олар сотқа істің нақтылы мән-жайларын анықтауға, оны дұрыс шешуге жәрдемдеседі және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі, тап осындай көмекті олар іске қатысушы басқа да адамдарға көрсетеді.

Талапкер және жауапкер

Талапкер мен жауапкер процестің тараптары болып табылады, олар құқық туралы дауларын сотта шешетін адамдар. Талапкер — өз мүддесін немесе мүддесі көзделіп талап қойылған азамат немесе заңды тұлға. Талапкердің құқықтары мен заңды мүдделері бойынша сот дауы пайда болып, ол сотпен шешіледі.

Сотқа талап-арыз қоюшы адам әрқашан талапкер бола бермейді. Азаматтық істер мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, азаматтар не прокурор басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап арыздарының негізінде қозғалуы мүмкін.

Жауапкер - өздеріне қуыным талабы қойылған азаматтар немесе заңды тұлғалар. Жауапкер бұл құқық жөніндегі даудың екінші тарабы, ол талап қоюшының көзқарасы бойынша оның құқығын бұзған немесе дау бойынша құқығы мен заңды мүдделеріне дауласады. Процесте тек Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының соттарында құқық туралы даулар қаралуға тиіс болса шетелдік құқық субъектілері де (шетелдіктер азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдік заңды тұлғалар), халықаралық ұйымдар) тараптар болуы мүмкін. Азаматтық процеске бірнеше тараптар мен бірнеше қатысушылар қатыса алады. Сонымен, азаматтық процесс — бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі, оның әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар - бұл азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында сот пен процесс қатысушыларының бірінің арасында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Жаңа Қылмыстық Кодекс және Қылмыстық іс жүргізу Кодексіндегі өзгертулер - құқықтық жүйені жаңғырту

Барлық құқықтық жүйені жаңғырту Бағдарламасы шеңберінде жаңа Қылмыстық іс жүргізу Кодексі мен Қылмыстық Кодексті әзірлеу мен қабылдау қажеттілігі ең алдымен, әлеуметтік әлсіз адамдар мен алғаш рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық саясатты ырықтандыру мен ізгілендірумен, болжам бойынша кейіннен түрмедегі халық санын азайтумен байланысты. Сонымен қатар бұл ұлттық бірлік пен келісімнің, әлеуметтік тұрақтылықтың аса жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз етуден туындады. Оны әзірлеуде шетелдің алдыңғы қатарлы тәжірибесі пайдаланылды.

Жаңа Қылмыстық заңда бұл бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды - айыппұлды, түзеу және қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдануды енгізу арқылы іске асырылады. Бітімгерлік рұқсат етілген кінәлі тұлғалар санаты кеңейді, оның ішінде ауыр әрекетті қылмыстық істер бойынша — кемелетке жасы толмағандарға, жас балалары бар жүкті әйелдерге және басқаларға.

(жалғасы 5-ші бетте)



ӘДІЛЕТ ЖАБАРШЫСЫ

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған, құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғам.

Н. НАЗАРБАЕВ, ҚР ПРЕЗИДЕНТІ

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің жаңа ережелері

(Басы 4-ші бетте)

Сондай-ақ кепілгерлікке байланысты және медиация тәртібімен жауапкершіліктен босату мүмкіндігінің нормасы енгізілді (кепіл беруші жеке тұлғаның екі есеге тең мөлшерде, ал заңды тұлғаның – қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қарастырылған айыппұлдың ең жоғары он есе мөшерінде кепілдік енгізуінен тұрады). Іс жүргізу келісімі ұғымы енгізілді, ол жәбірленушінің келісімімен ресімделеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық қазір қылмыс және қылмыстық теріс қылық болып бөлінеді.

Қылмыстық теріс қылық деп айыпты, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамауға алу түріндегі жаза көзделген әрекет (іс-әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Барлығы жаңа Қылмыстық Кодексте 171 қылмыстық теріс қылық қарастырылған, оның 58-і әкімшілік құрамнан енгізілді, бұл ретте оны жасағаны үшін соттау көзделмеген.

Ұлттық бірлікті, әлеуметтік тұрақтылықты қорғауды күшейту Заңда ауыр қылмыс, ұйымдастырылған қылмыс, терроризм, экстремизм, қылмыстың қайталануының көрінісі, азаптау үшін жауапкершілікті қатайту арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық іс жүргізу Кодексіне байланысты – құрылымы мен мазмұны бойынша ол едәуір күрделі. Өйткені қолданыстағы заңнамаға қарағанда қосымша 97 бап берілген (жаңа ҚІЖК 674 бап бар, ал қолданыстағы ҚІЖК 577 баптан тұрады).

Алайда жаңа ҚІЖК ұсынылған үлгісі қылмыстық іс жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды барынша мол және жедел қамтамасыз етуге, еліміздің Конституциясында бар әділ сот негізін сақтап қалуға мүмкіндік береді, тергеу органдарының жұмысын барынша оңайлатуға және жеделдетуге, халықаралық стандарттарға жақындастыруға жағдай жасайды.

Ол қылмыстық істер бойынша өндірістің сотқа дейінгі кезеңіне тергеу судьяларын бекіту арқылы қылмыстық іс жүргізуге толыққанды сот бақылауын енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Бұл судьялар сотқа дейінгі процесс кезеңіндегі сот бақылауы, тергеу органының белгілі бір әрекеттерін санкциялау туралы өтініштерді (қамауға алу, кепіл,

мүлікке тыйым салу түріндегі бұлтартпау шарасы бойынша санкциялар) шешу мәселелерімен айналысады, олардың құзыретіне зардап шегушілер тарапынан, сондай-ақ айыпталушылар тарапынан тергеу органдарының іс-әрекетіне шағымдану мәселелері де жатады.

Құқық бұзушылықтардың көбі қылмыстық процестің осы кезеңінде тіркелетіндіктен, ол тергеуге дейінгі тексеру институтының артықшылығы болып табылады.

Яғни, жаңа ҚІЖК сәйкес өтініште қылмыс жасау фактісі көрсетілген болса, ол бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіледі, ал оның нәтижесі бойынша қылмыстық істі тоқтату немесе мән-жайы бойынша қарастыру үшін оларды сотқа жіберу туралы шешім қабылданады.

Жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі жаңа ережелер тергеу органдарының жұмыстарын жеңілдетуге, халықаралық стандарттарға жақындастыруға, қылмыстық іс жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдікті күшейтуге жағдай жасайды.

Сөйтіп, қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлі санаттары үшін оларға тергеу жүргізу тәртібі де әртүрлі етіп қарастырылған (анықтау, хаттама нысаны, сотқа дейінгі тергеу, атап айтқанда, жеделдетілген).

Сондай-ақ медиативтік шартты құра отырып, зардап шегуші мен күдіктіні татуластыру тәртібін қарастыратын «Медиация туралы» Заңды қолдану бекітілген.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган үшін залалды өтеу және зардап шегушімен татуласу туралы шарт, ҚІЖК қарастырылған жағдайларда, қылмыстық қудалауды болдырмайтын жағдай болып табылады. Сонымен қатар бұл норма міндетті сипат алып отыр.

Сотқа дейінгі тергеу барысын қадағалау қолданыстағы ҚІЖК сияқты прокуратура органына берілген.

Сонымен қатар прокуратура органы тарапынан сапалы түрде қадағалауды жүзеге асыру үшін жаңа іс жүргізу Заңында әрбір қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап оны тергеу аяқталғанға дейін және сотта қаралғанға дейін «процессуалдық прокурорды» бекіту қарастырылған және ол ауыстырылмайды. Оны ерекше жағдайларда ғана ауыстыруға болады. Бұдан бұрын қылмыстық іс жүргізудің әрбір кезеңінде қылмыстық істі қадағалауды әр түрлі басқармалардың прокурорлары жүзеге асырған.

Жаңа Қылмыстық іс жүргізу Кодексінен (ҚІЖК) жаңашылдық ретінде қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы алынды. Ол күзетпен ұстауға ауыстырылды. Бұл ретте жаңа ҚІЖК-не сәйкес сот күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдағанда, кепіл мөлшерін

белгілеуге міндетті, оны енгізгенде күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы өзгеруі мүмкін.

Қамау жазалау түрі ретінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылады. Сонымен қатар бұлтартпау шарасы қазіргі уақытта күдікті адамдарға қатысты таңдалады, ал оған қатысты айыптау акті жасалғанда ғана адам айыпталушы болып танылады.

Қылмыстық істі тергеу нәтижелері бойынша енді көлемді айыптау қорытындысының орнына айыптау акті толтырылады (тергеудің хаттамалық түрін алмағанда және кінәні мойындау туралы іс жүргізу келісімі кезінде).

Дамыған елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі қолданылып, іс жүргізу келісімі ұғымы енгізілді – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурорлар мен күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының немесе сотталғанның арасында Қылмыстық іс жүргізу Кодексінде көзделген тәртіпте және негіздер бойынша жасалатын келісім, жасалған іс жүргізу келісімі шеңберіндегі қылмыстық істерді тергеу мынадай:

1) кінәні мойындау туралы мәміле нысанында – кішігірім, орташа ауырлықтағы не ауыр қылмыстар бойынша – күдіктінің, айыпталушының сезіктенумен (айыптаумен) келісуі жағдайында;

2) ынтымақтастық туралы келісім нысанында – қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша жүргізіледі.

Егер кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімі қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында орын алса, қылмыстық іс материалдары айыптау акті жасалмастан, сотқа қолданады да, келісімдік өндіріс тәртібімен қаралады. Ынтымақтастық туралы келісім соттың қылмыстық істі қарау тәртібіне әсер етпейді, ал оның салдары өзге тұлғалар сотталғаннан кейін ғана қолданылады және осы келісімді жасаған адамға қатысты сотпен тағайындалған жазаның азаюына әсер етеді.

